

## Қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 8 қараша N 508-ө

1. Солтүстік Қазақстан облысының әкіміне Петропавл қаласының тұрғын үйінде болған жарылыстың салдарын жоюға және зардап шеккендерге көмек көрсетуге Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше жағдайларды қаржыландыруға арналған резервтік қорынан 45 (қырық бес) млн. теңге бөлінсін.

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 8 ақпандағы N 62 өкімінің 1-тармағындағы "200" саны "175" санымен ауыстырылсын;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 24 шілдедегі N 345 өкімінде: екінші абзацта "192" саны "166,5" санымен ауыстырылсын;

үшінші абзацта "150" саны "124,5" санымен ауыстырылсын;

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 499 өкімінің 7-тармағының күші жойылған деп танылсын.

3. Солтүстік Қазақстан облысының әкімі 1996 жылдың қорытындысы бойынша орындалған жұмыстардың көлемі мен құны туралы Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі мемлекеттік комитетіне баяндасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюта комитеті бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр